


Ә.КЕРІМҰЛЫ

«ЖАҒАН НАМЕ» ТУРАЛЫ ТЫҢ ЗЕРТТЕУ

В статье рассматривается история исследования, транскрипция и перевод на казахский язык поэмы «Жаһан наме» видного ученого, историка, государственного деятеля Мухаммед Хайдар Дулати.

Makalede ünlü tarihçi M.H.Dulatinin «Jahan-name» destanının araştırılma tarihi, metin tahlili ve kazak diline tercümesi incelenmektedir.



Орта ғасырларда араб әрпімен жазылып, біздің дәуірімізге келіп жеткен ескерткіштер аз емес. Қазіргі кезде олардың біразы зерттелді. Әлем кітапханалары мен қолжазба қорларында зерттеушілерін күтіп, жарық көрмей жатқандары да баршылық. Солардың бірі – «Тарих-и Рашиди» атты классикалық еңбегімен аты әлемге әйгілі болған ұлы ғалымымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһан наме» атты дастаны болатын. Оның бір себебі – бұл дастанның күні кешеге дейін ғылым әлеміне белгісіз болып келгендігі еді. Қазір екі нұсқасы белгілі болып отыр. Бірі – Берлин кітапханасында, екіншісі Қашғарда. Башқұрттың үлкен ғалымы Ахмет Зәки Валиди Тоған 1936 жылы Берлин кітапханасындағы Қожа Ахмет Йасауи өлеңдерінен тұратын жинақтан «Жаһан наме» поэмасының қолжазба нұсқасын кездестіреді. Поэмада авторы туралы еш нәрсе айтылмаған. Жинаққа кезінде неміс шығыстанушысы И.М.Хартман қосқан екен. Авторын анықтау мақсатында індете зерттеген болу керек, 1937 жылы неміс тілінде шағын мақала жазып, поэманың авторы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати деген шешімге келеді. Ғалымның бұл тұжырымын ағылшын шығыстанушысы Ч.А.Стори, сондай-ақ Н.Н.Туманович пен Т.И.Сұлтанов сынды ғалымдар да қолдайды.

1994 жылы Әбсаттар қажы Дербісәлі Мюнхен университетінің оқытушысы Лидия Клетцел ханымның көмегі арқасында Берлин қолжазбасының фотокөшірмесіне қол жеткізеді.

Поэманы аудару үстінде ол Шыңжаң өлкесіне іссапармен барады. Сол жылы Мұхаммед Хайдар Дулатидің ғұмыры өткен Қашғар, Опал, Хисар, Жаркент секілді қалалар мен тарихи елді мекендерді аралайды. Үрімшіге оралған соң Шыңжаң университетінің профессоры, әдебиетші-ғалым Әбдікерім Рахман «Жаһан наменің» бір көшірмесінің 1981 жылы Қашғар қаласынан да табылғанын айтады. Оны қашғарлық кітапшұрыш (кітап сатушы) Қадірбұлақ 1981 жылы тауып, 1982 жылы Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясы қолжазбалар қорына өткізген екен. Шыңжаң

ғалымдары оны 1985 жылы Үрімшіде бастырып шығарыпты. Авторын «Айаз Шикаста» деп көрсетіпті. Өйткені ол кезде олардың қолында Берлин нұсқасы да, Ахмет Зәки Валидидің мақаласы да болмаған. Сол сапарында Әбсаттар қажы Дербісәлі сонда жұмыс істеп жүрген қазақ ғалымы Ахметбек Кіршібаевтан поэманың Қашғар қаласынан табылған нұсқасын да Алматыға алып қайтыпты.

Әбсаттар қажы Дербісәлі «Жаһан наменің» осы екі нұсқасын бір-бірімен салыстыра отырып, ежелгі түркі әдеби тілінен қазіргі қазақ тіліне сәтті аударып, зерттеулерімен қоса 2006 жылы Алматыдағы «Білім» баспасынан жеке кітап етіп бастырып шығарды. Жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Қасқабасов.

Кітаптың алдында Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Жақсыдан қалған жәдігер» деген тақырыпта жазылған көлемді алғы сөзі берілген. Онда, ең алдымен, Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінің басылу, зерттелу тарихына қысқаша шолу жасалған. Мысалы, ол XVI ғ. – 3 рет, XVII ғ. – 5 рет, XVIII ғ. – 3 рет, XIX ғ. – 12 рет басылым көріпті. Мұндай шолудың теориялық та, практикалық та мәні бар. Өйткені «Жаһан намеде» айтылған оқиғалар «Тарих-и Рашидиде» де сөз болады. Әбсаттар қажы Дербісәлінің көрсетуінше, поэма беташарындағы автордың бірінші жақтан баяндаған өмірбаяны Мырза Мұхаммед «Тарих-и Рашидинің» «Екінші дәптерінде» жазған өмірбаянымен тікелей әрі толық үндеседі екен. Ахмет Зәки Валиди «поэманы жазған Мырза Хайдардан басқа ешкім емес» дегенде, оның екі еңбегіндегі осындай сәйкестіктер мен үндестіктердің барына сүйене отырып айтса керек.

Әбсаттар қажы Дербісәлі поэманы шартты түрде бірнеше бөлімге бөліп талдаған, алғашқы 110 бәйітті шығарманың «кіріспесі» деп атайды.

Ежелгі мұсылман Шығысы әдебиетінде көркем шығарманы Аллаға арнап мадақ айтудан бастайтын дәстүр болған. Мұнда да сол дәстүр сақталған. Мұхаммед Хайдар әуелі Жаратушыны жырға қосады. Одан соң Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пайғамбарымыз бен оның төрт серігіне (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әлі) сыпаттама береді. 35-бәйіттен бастап өз өмірі жайлы баяндайды.

Поэманың негізгі оқиға желісі 115-бәйіттен басталады. Шығарманың тақырыбы адал да таза махаббат. Ертеде Самин деген қалада Шаһсауар атты патша болады. 200 жыл өмір сүріп, жеті ықылым елді бағындырған патша екен. Бірақ бір перзентке зар болыпты. Әулиелі жерлерді аралап, Алладан перзент тілейді. Тілегі қабыл болып, дүниеге бір ұл келеді. Оған Фируз шаһ деп ат қояды. Ол жас кезінде-ақ бар ғылымды меңгереді. Шаһзада түсінде «жүзі ай, көзі шолпан, бойы шамшат» ғажайып бір перизатты көреді. Иран бақ деп аталатын перілер еліне іздеп келіп, ғашығымен кездеседі (оны бұл жерге аң аулап жүргенде кездескен бір киік алып келеді). Сол ел патшасының қызы екен. Аты – Назбой. Әкесінің аты Тәжібақыт, анасының аты – Маһи-Руй. Назбой жас кезінен зеректігімен көзге түседі. Сол елде оған сөз

салмаған пері шаһзадалары қалмапты. Келген шаһзадаларға Назбой үш шарт қояды, бірақ олардың ешқайсысы ол шарттарды орындай алмайды. Фируз шаһ үш шартты да орындап, қызға үйленеді. Қыздың әке-шешесі той жасап, жасауымен ұзатады.

Әкесі Шаһсауар мен анасы Жаһанбану қартайып қайтыс болады. Халық Фирух шаһты әке тағына отырғызады. Әділ патша болады. Елде бейбітшілік орнап, мемлекет молшылыққа кенеледі. Фируз шаһ пен Назбой осылай 150 жыл бақытты өмір сүреді. Бір күні Назбой аяқ астынан сырқаттанып, есінен танып қалады. Фируз шаһ мүмкін болған ем-домның бәрін жасатады. Әйтсе де есін жия алмаған Назбой тілге келмей қайтыс болып кетеді.

Назбойдан айрылу Фируз шаһтың жанына қатты батады. Ең болмаса қоштасып, бақұлдаса алмағанына өкінеді. Қайыршы боп дәруіштік жолға түсуге бел буады.

Фируз шаһ пен Назбой сұлудың Фаррух Сауар атты жалғыз ұлы бар еді. Оған тәжі мен тағы, мемлекетін мирас етеді. Жаратушыдан Назбойдан ажыратпай, өзін де алуды сұрап жалбарынады. Жаратушы пендесінің тілегін қабыл етеді.

Негізгі бөлім 1290 бәйітпен біткен.

Одан кейінгі бәйіттерде Мырза Хайдардың өмір жайлы, тағдыр жайлы толғанысы берілген.

Ең соңғы 1314-1329 бәйіттерде дастанның жазылу себебі мен аяқталған кезі туралы айтылады:

1324. Жылқы жылы еді Машын жылнамасында,
Ережеп айында, «фархунда» мерзімінде.

1325. Бітірдім жаһан михнаты мен қайғысын,
Жырлап бір дастан қиссасын...

1326. «Жаһан наме» қойдым оның атын,
Айттым солай оның хал-жағдайын.

Әбсаттар қажы Дербісәлінің көрсетуінше, бұл һижраның 939 жылының раджаб айы 1533 жылдың наурыз айына түс келеді екен.

Кітапта автордың образ жасау шеберлігі де жақсы талданған. Әсіресе Шаһсауар патша, Фируз шаһ, Перизат сұлудың образдарын талдауға кеңірек орын берілген. «Ақын образдары жеңіл де жинақы, суреттері айқын, көркем де мағыналы боп келеді» екен.

Мұхаммед Хайдар Дулати Әбу-л-Қасым Фирдауси, Абд ар-Рахман Жами секілді классиктер мен парсы, түркі тілдерінде бірдей жазған Лүтфи, Әлішер Науаи, Бабыр іспетті ақындардың шығармаларын жақсы білген. Оларды өзіне үлгі тұтқан. Әбсаттар қажы Дербісәлінің жазуынша, әсіресе Лүтфидің ықпалы күшті болған. Лүтфидің «Гүл Наурыз» поэмасы мен «Жаһан наменің» бас жағы ұқсас болып келеді екен.

Поэма орта азиялық түркі тілінде жазылған. Оны түркітанушылар шағатай тілі деп те, ескі өзбек тілі деп те атай береді. Шағатай тілінде ұйғыр-қарлұқ, оғыз-қыпшақ тілдерінің де элементтері бар. Араб-парсы сөздері де кездеседі. Бұл жөнінде түркітанушы В.Д.Артамошина былай дейді: «Орта Азиялық классикалық түркі тілі XV ғасырда, бір жағынан Мауараннаһр, Хорасан мен Шығыс Түркістан жамағатының елеулі иранизм қоспасынан басқа шығыс және батыс түркі элементтерінің қосындысы боп табылатын түркі ауызекі тіліне негізделсе, екінші жағынан, Қарахан мемлекеті ұйғыр классикалық тілі әдеби дәстүрінің дәнекерлігіне де байланысты еді. Бұл ретте сондай-ақ XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда мен Кіші Азия әдебиетінің де әсерін ескеруге тура келеді».

Әбсаттар қажы Дербісәлі «Жаһан наме» тілін осы пікірге сүйене отырып талдайды. Себебі мұнда да әр топтағы тілдерге тән сөздер кездеседі екен. Мысалы, «Құтадғу біліктен» мынадай сөздерді келтіреді: **изим** (егем, тәңірім), **қамуғ** (бүтін, барша), **тапуғ** (қызмет), **ерді** (еді) т.б.

Поэмада қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген бірқыдыру сөздер бар екен. Мысалы, **аяқ**, **бейхабар**, **дәм**, **сүмбіл**, **тәрбие** т.б.

Дуди матам (қайғы оты), **бар йамак** (рақатқа бөлену) секілді парсы, **нуш айламак** (нәр тату), **барбад айлады** (жоқ қылды) сияқты түркі-араб, парсы тілінде аралас келген фразеологиялық тіркестер де ұшырасады.

Қашғария өлкесінде тұратын халықтардың тілінде кездесетін **ешит** (есіт), **таңла** (таңда), **келибан** (келіп), **туққан** (туыс) көптеген сөздерді пайдаланған.

Осыған байланысты қазақ ғалымдарының мына пікірін келтіре кетейік: «Түркі туыстас тілдердің бәрі де орта ғасыр дәуірінде бір-біріне әлдеқайда жақын тілдер болған. Олардың бәріне ортақ бір ғана «орта түркілік жазба әдеби тіл» болған. Бұл тіл басы XI ғасырдан бастап, соңы XV–XVI ғасырларға дейін, халықтық тілдердің қалыптасып жетілуіне дейінгі уақытты түгел қамтыған (Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов).

Орта ғасыр мұралары жайлы тың концепция ұсынған Ә.Нәжіп болатын. Оның пікірінше, «Орта түркі ескерткіштерінің бәрі аралас тілде жазылған» (Советская тюркология, 1970, № 1. 87-б.).

Дастан ұйқастарында қай тілдің элементтері көбірек қолданылғанын білу мақсатында түркі сөздерінен тұратын ұйқастар (*шиш-киши*), араб-парсы сөздерінен тұратын ұйқастар (*тамам-мақам*), түркі-араб, парсы сөздерінен тұратын ұйқастар (*гардшиш-шиш*) деп, үш топқа бөліп көрсеткен. Ұйқастардың шамамен 500-ден астамы (37,6%) парсы, 460-қа жуығы (36,4%) түркі, 370-ке тақауы (27,8%) аралас тілді болып келеді екен. Олай болуы заңды да. Өйткені «шағатай тілінде архаизмдер аз да, араб, парсы элементтері көп» (Ә.Нәжіп).

Алғы сөз «Иә, сөйтіп түркі (қазақ) халқының ұлы тұлғасы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің ескінің көзі, жақсының сөзіндей мәнді де мағыналы мұрасы тарихи отанына оралып, оқушыларымен жүздесуге

аттанды. Сәт сапар, саған, Жақсыдан қалған жәдігер» деген ізгі тілекпен аяқталады да, келесі 48-беттен транскрипцияланған поэма мәтіні және оның қазақша аудармасы басталады. Аударма Берлин нұсқасы бойынша жасалған. Берлин нұсқасы 1328, Қашғар нұсқасы 1329 бәйіттен тұрады. Бір айта кететін жайт – қолжазбаның 2 нұсқасы бір-бірімен салыстырылып, айырмашылығы көрсетілген. Қате жазылған, бірлі-жарым орындары ауысып түскен сөздер болса, түзетілген. Қолжазбаның біріндегі кейбір бәйіттерде жазылмай түсіп қалған сөздер екінші қолжазбадан алынып толықтырылған. Осындай ұқыпты түрде жүргізілген текстологиялық жұмыстың нәтижесінде автор мәтіні қалпына келтірілген. Түзетулер кітаптың әр бетінде жұлдызшадан кейін көрсетіліп отырған.

Мәтіннің аудармасынан кейін бірнеше бәйіттер мен жекелеген сөздерге түсінік берілген. Түсініктің танымдық мәні зор. Ескендір, Сүлеймен, Жамшид сияқты аттары аңызға айналған патшалар, Жақып, Жүсіп сияқты пайғамбарлар, сондай-ақ Жебірейіл, Өзірейіл, Мекаил атты періштелер туралы аңыздар, әңгімелер қызықты баяндалады. Поэмада көптеген жер-су, ел аттары да аталады. Олардың да біразына түсінік берілген. Мысалы, **Чин** – Қытай, **Машын** деп Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати заманында Оңтүстік Қытайды атаған екен. **Миср** (Мысыр) – Қазіргі Египет, **Шам** – қазіргі Сирия, **Гири** – Ауғанстанның солтүстік батысындағы Герат қаласы. Кейбір сөздердің төркініне де тоқталған екен. Соның бір-екеуін көрсете кетейік.

Оғлан – орта ғасырларда хандық лауазымы (титул) жоқ, оған үміт те ете алмайтын ақсүйектер мен бек, бекзада шонжарлардың ұлдары. **Кукалдаш** (Кукалташ) – емшектес. Кукалташтықты ниет еткен ата-ана бірінің жаңа туылған нәрестесін бірі емізіп, екі сәбиді емшектес еткен. Өсе келе олар өзара өте жақын кісілерге айналған.

Түсініктен кейін сөздік берілген. Осы сөздікті меңгерген адам поэманың түпнұсқасын да түсініп оқи алады.

Сөздіктен соң Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығы туралы орыс тілінде жазылған көлемді очерк берілген. Жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі.

Кітап соңында «Жаһан наменің» Берлин нұсқасы және орыс, ағылшын тілдерінде жазылған аннотациялар берілген. Осымен кітап аяқталады.

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығымен Әбсаттар қажы Дербісәлі біраз жылдардан бері айналысып келеді. Бірнеше мақала жазып, республикалық газет-журналдарда жариялады. Ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, баяндама жасады.

«Жұлдыз» журналының 1995 жылғы 7-санында жарияланған мақаласында: «Алыста қалған асыл бабаның шығармашылығын зерттеп, «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһан намесін» жинап, толық бастырып, бүгінгі

ұрпақпен қауыштыру кезек күттірмейтін келелі мәселе», – деген ой тастаған екен. Міне, сол ойлары бұл күнде түгел жүзеге асып отыр. «Тарих-и Рашиди» Ислам Жеменейдің парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалауымен 2003 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Жалпы редакциясын басқарып, көлемді алғы сөзін жазған да Әбсаттар қажы Дербісәлінің өзі. «Жаһан наменің» Берлин қолжазбасы Әбсаттар қажы Дербісәлінің қолына 1994 жылы тиген екен. 2006 жылы «Білім» баспасынан жеке кітап болып басылды. Дастанның екі нұсқасын өзара салыстыра отырып, ғылыми транскрипциясын жасап шықты. Әр қилы салаға салып зерттеді. Бұл іспен он екі жылдан астам уақыт айналысты. Араб жазуымен берілген орта ғасыр жазбаларын оқып үйрену, игеру оңай шаруа емес. Өйткені онда араб, парсы сөздері, сөз тіркестері өте көп. Әбсаттар қажы Дербісәлі араб тілін жақсы меңгерген. Парсы тілінен де хабардар. Оған көне түркі тілі де жат емес. Қолжазбаларды оқумен де көптен бері үздіксіз айналысып келеді. Бұдан мың жыл бұрын жасаған бабаларымыздың араб тілінде жазып қалдырған асыл мұраларын іздеп тауып, жарқырата көрсетіп жүргенін жұртшылық жақсы біледі. Міне, осы көл-көсір білімін бұдан 500 жыл бұрын араб әрпімен шағатай тілінде жазылған «Жаһан намені» зерттеу барысында да көрсете білді.

Екінші бір бізді сүйсінткен қасиеті – барынша еңбекқорлығы. Осы 125 беттен тұратын мұраны зерттеу барысында 191 әдебиетті пайдаланыпты. Оның 42-сі шет тілінде – ағылшын, неміс, түрік тілінде жазылған әдебиеттер.

Поэманың қазақша аудармасы да жақсы жасалған. Мүмкіндігінше түпнұсқаға жақын аударылған. Оқырман екі мәтінді салыстыра оқи отырып, поэма жазылған орта азиялық түркі тілінің сыр-сипаты туралы да толық мағлұмат ала алады. Мысалы, қазақ ауыз әдебиетінде салу етістігі «тастау», «тастап кету» деген мағынада қолданылады. Поэманың 69-бәйітінде мынадай жол бар:

Тубатқа қачыб ол, салыб қаласын. Осы жолды аудармашы «Тибетке қашты ол тастап қаласын», – деп дәл аударған.

Поэма тілінде қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын грамматикалық формалар да кездеседі. Өткен шақ есімшенің *-ған* жұрнағының орнына оғыз тілдеріне тән *-мыш* қолданылған. Ерміш (екен). Көне түркі тілінде қимылдың болып кеткенін білдіретін көсемшенің *-қач*, *-кәч* деген жұрнағы бар. Бұл негізі қыпшақ тілдеріне тән форма. Қазіргі татар, құмық тілдерінде және өзбек тілінде де бар. Осы жұрнақ «Жаһан намеде» жиі қолданылады екен. Мысалы: *ешіткәч* «есіткен соң», *тілі чыққач* «тілі шыққан соң». Жинақтық сан есім жасайтын *-лан*, *-лән* жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде сирек қолданылатын жұрнақтардың қатарына жатады. Поэмада жинақтық сан есім осы жұрнақ арқылы жасалған.

608-бәйіттегі *Үчулан болуб келіб чаһ үзә* деген өлең тармағы «Үшеулеп келіп құдық басына» деп, дұрыс аударылған.

Керімұлы Ә. «Жаһан наме» туралы тың зерттеу.

Мұны келтіріп отырған себебіміз – ғалымның поэманы аудару барысындағы ізденістерінің бірінен оқырмандарды хабардар ету еді.

«Мәдени, әдеби тілдік мәні зор бұл ескерткіштер проблематикасын тарих таразысына салып, көзден түгелдеп өткізудің тетігі комплексті түрде зерттеуде жатыр» (І.Кеңесбаев). Әбсаттар қажы Дербісәлі «Жаһан намені» осы талапқа сай кешенді түрде тарихи, әдеби, тілдік тұрғыдан зерттеп шыққан. Солай бола тұра кітаптағы алғы сөзінде: «Шығарманың тілдік сипатынан басқа суреттеу құралдары (теңеу, эпитет), образдар жүйесі, сюжеттік желілері, құрылыстары, ұйқас, жанрлық ерекшелігі және т.б. мәселелер туралы арнайы сөз, әрине, алда» деп жазыпты (Мұхаммед Хайдар Дулати. Жаһан наме. Алматы, «Білім», 2006, 47-б.). Бұл – поэманың әдеби тұрғыдан әрі қарай тереңдетіле зерттеледі деген сөз.

Көрнекті шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Жаһан наме» туралы тың зерттеуі өз елімізде ғана емес, шетел ғалымдарының да қызығушылығын тудырып, сұранысқа ие болатын, іздеп жүріп оқитын аса құнды еңбек деп бағалаймын. Осындай толыққанды зерттеулер көбейе түссін!

REZUME

Kerimulu A. (Turkistan)

ORIGINAL RESEARCH ON POEM “ZHAKHAN NAME”

The article deals with the poem “Zhakhan name” by the outstanding scientist, historian, states man Mukhamed Haidar Dulati, its research history, transcription and translation into Kazakh language.